

**М. Б. Кубеев,**

*әскери және тактикалық арнайы дайындық кафедрасының оқытушысы,  
полиция майоры*

*(Қазақстан Республикасының ІІМ М. Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институты)*

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫ ТУРАЛЫ**

Бірнеше ғасырлар бұрын адамдар ру-тайпаға бөлініп қоғамдасып өмір сүргендігі және олардың өз тәртіптері яғни сол кездегі өздерінің жазылмаған заңдары болғандығы тарихтан мәлім. Сол кездегі ру ішіндегі тәртіп өмірдің ағымына сәйкес, арадан сан ғасырлар өтіп адам сан-сезімінің өркендеуі салдарынан тәртіпке деген талаптар күшейіп қоғамда жазбаша түрдегі қағидалар пайда бола бастады. Өткен ғасырлардың данышпандары өз заманында өздерінің шешендік, білгірлік қасиеттерімен елеулі орын қалдыра білді. Мысалы ретінде айта өтетін болсам, «Тіл тас жарады, тас жармаса бас жарады» — деген сияқты тіл байлығы мол, сөзге шебер, қара қылды қақ жаратын «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген қағиданы қатаң ұстанатын, Төле бидей билердің ел арасындағы ереуілдерді әділетті шешулерімен тәртіпке деген талап күшейіп келе бастады. Уақыт өте келе, он сегізінші ғасырда буржуазиялық революциялар жеңіске жеткен сәттен бастап конституциялар халық атынан қабылдана бастады. «Елу жылда – ел жаңарады» дегендей, арадан қаншама жыл-ғасырлар өтіп, Кеңес одағы таратылғаннан кейін, екі жыл өткен соң, 1993 жылғы 28 қаңтарда Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің он екінші сайланған тоғызыншы сессиясында тұңғыш Конституция қабылданды. Алайда бұған дейін Кеңестік Социалистік Республика Конституциясы күшінде болып келді. Заман өзгерген сайын, қолданыстағы заңнамаларға да өзгерістер енгізіліп келуде, бұл мемлекеттің өркендеуі, яғни дамыған мемлекеттердің қатарына қосылу болып табылады деп ойлаймын. Біздің Конституциямыздың бастамасы «Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы, ...» деген сөзбен басталады. Бұл Қазақстанда тұратын барлық ұлт азаматтарының орныққан саяси келісімінің негізі болып табылады.

Конституцияда адамның жеке бас бостандығы, жеке өміріндегі құндылығы, сондай-ақ билік тармақтарының қоғамдағы рөлі айқын тұжырымдалған. Қазақстанда демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет құру барысында, басқа мемлекеттік органдармен қатар Ішкі істер министрлігі мен оның аумақтық органдарының қосатын үлесі зор. Атап айтқанда, 2014 жылдың 23 сәуірінде қабылданған «ІО туралы» заңына сәйкес, ішкі істер органдары азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын және олардың заңды мүдделерін, өмірін, денсаулығын және қоғам мен мемлекеттің мүдделерін құқыққа қарсы әрекеттерден қорғауға, қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті күзетуге арналған құқық қорғау органы болып есептеледі<sup>1</sup>.

Ішкі істер органдары Қазақстан халқына қызмет етуге арналған. Сонымен қатар қолданыстағы заңнамаларға сүйене отырып, өз құзыреті шегінде басқа да қызметтер атқарады.

Сол себепті Конституцияға сәйкес мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы — халық болып табылады. Мемлекетіміздің қоғамдық жұмысына белсене араласқан ерікті азаматтар, мемлекетке өз үлесі мен пайдасына қызмет жасамаған азаматтардан беделі жоғары тұрады.

Қазақстан мемлекетінде адам құқығы және бостандығының жоғары құндылығы құқықтық мемлекетінің негізгі қағидасын реттеп отырады. Қазақстан мемлекеттік-құқықтық даму бағдарламасын халықтың өмір сүру жағдайын, адам және азаматтардың құқығы мен бостандығының қорғалуы, мемлекеттің жоғары билік органдарына қадағалау жүргізіп, бақылау жүргізіп отырады. Адам құқығы туралы жалпы декларацияның мазмұнына сәйкес, адам құқығын қорғау, біздің Конституциямызда дүниежүзілік деңгейге сәйкес келетіндігі бәрімізге мәлім. Конституция барлық азаматтардың теңдігіне кепілдік беріп қана қоймай, сондай-ақ барлық билік тармақтарының қызметіне бағыт беріп отырады. Елбасының белгілегеніндей Конституция қоғамның дамуына зор үлесін қоса отырып, азаматтық қоғамның дамуына болашақта тұрақты қадағаланып отырады. Конституциялық нормаларды қадағалау біздің республика заңының мемлекеттің дамуына бағыталады. Қоғамның дамуы елімізге пенитенциарлық гуманизациялық жүйенің кіруі

ықпалын тигізді. Жергілікті өзін-өзі басқару реформасында сайлау заңдылығының енуі Конституцияның дүние жүзілік қауымдастыққа кіруінің негізі ретінде танылады. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін мемлекетіміздің саяси жүйесі Конституцияға сәйкес қайта реттелді. Конституция халықтың еркіндігін жоғары қойып, жаңа мыңжылдықта құқықтық нигилизм бағытында тотаритарлық жүйені артта қалдырды.

---

<sup>i</sup> Қазақстан Республикасының № 199-V ЗРК «ПО туралы» заңы 23.04.2014 ж. (02.08.2015 ж. өзгертулер және толықтырулармен) // <http://online.zakon.kz>